



СҰХБАТТАН КЕЙІНГІ СӨЗ

ЫНТЫМАҚТА БОЛСАҚ, ЫҚПАЛДЫЛЫҚ АРТАДЫ

Мемлекет басшысының жыл басындағы «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбаты қоғамда біршама серпіліс тудырды. Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен кезеңдердегі басты жетістік ретінде ішкі саяси тұрақтылыққа қол жеткізгенімізді атап өтті. Расында, ішкі саяси тұрақтылық мәселесі мемлекеттік қауіпсіздігіміздің кепілі десек артық емес.

Бұл – басты назарда болатын құбылмалы мәселе. Осы ойдың желісін академик-философ Ғ.Есімнің тұжырымдарынан көреміз. «Жердің тұрақтылығы дегеніміз – орасан зор жылдамдықпен үнемі қозғалыста болуы. Тұрақтылық – шартты ұғым. Тұрақтылық негізі – қозғалыста» дейді ол. Ойланатын жағдай. Осы ретте біз

үшін қозғалыстардың, яғни дамудың тұрақтылығы маңызды. Сұхбаттың астарынан осыны аңғаруға болады.

Сұхбатта көптің көңілінде жүрген біршама сауалдардың басы ашылған секілді. Оның ішінде екі жыл бұрын болған Қаңтар оқиғасы туралы Мемлекет басшысының пікірі көпке ой салды.

Шынында, Қаңтар оқиғасының себебі бір күнде қалыптаспағаны анық. Қаңтар қактығысы біріміз үшін арандатушылыққа ұрынған бейбіт митинг, екіншілер үшін террористер ылаңы, үшіншілер үшін саяси жүйені өзгерту мүмкіндігі деп ойлаймыз. Бұған уақыт өте келе тарих өз бағасын бере жататыны белгілі. Тарихтың ашқан ұлы жаңалығы – адамдардың тарихтан сабақ алмайтындығы. Сондықтан бұл оқиғаның сабағын жүрекпен сезінбесек, билік тарапынан тиімді тұжырым жасалмаса, оның зардабы бұдан зор болуы әбден ықтимал. Осы тұрғыдан келгенде Президенттің өз ойын ашық, жан-жақты

қамтып жеткізуі біз үшін маңызды.

Президент өткен жылғы Жолдауында Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жариялағаны белгілі. Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есе арттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделгені айтылған болатын. Д.Хамзабектің «Алайда Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің болжамдарына сенсек, 2023-2024 жылдары ел экономикасының өсімі 3-4 пайыздан аспайды. Мұндай қарқынмен мақсатқа жете аламыз ба?» деген сауалына өте тұшымды жауап берілді деп санаймын. Әрбір қазақстандықты ойландыратын

осы сұраққа «Әрине, бұл – жетуге болатын меже. Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақшалай өсім» дей келе, «Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер социальды маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ» деген еді.

2-бет

БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТЕДІ

Кеше Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 19 қаңтар сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын» деп жазылған өкім мәтінінде.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ


ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ: ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДА ҚЫЗУ ЖҰМЫС

Сейсенбі күні ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электр энергетикасын және электронды сауданы дамыту мәселелері қаралды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесі штаттық режимде жұмыс істейтінін баяндады. Бүгінде елімізде 220 электр станциясы жұмыс істейді, оның ішінде жалпы қуаты 2,8 ГВт болатын 144 ЖЭК объектісі бар. Осы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы қолда бар қуаттың көлемі 20,4 ГВт, осы күзгі-қысқы кезеңде тұтыну максимумы 16,6 ГВт құраған. Былтыр электр энергиясын тұтыну көлемі 115 млрд кВт/сағ. (2022 жылы – 112,9 млрд кВт/сағ.) болды. Электр энергиясын өндіру 112,8 млрд кВт/сағ., көршілес елдерден электр энергиясын импорттау 3,4 млрд кВт/сағ., экспорт 1,4 млрд кВт/сағ. құрады.

2-бет



Ашық дереккөзден алынды

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

АВТОНАРЫҚ: ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫ ЖАРЫЛҚАЙТЫН ЖҮЙЕ КӨРІНБЕЙДІ

Жыл бастала сала автонарық саласында көптеген өзгерістер болды. Осыған дейін «көлік арзандайды» деп шуласқан қауесеттердің де негізсіз екенін байқаудамыз. Автокөлік бағасы керісінше көтеріліп жатқандай. Сондай-ақ қоғамда шетелден әкелінген машиналарға утильалымды алып тастау жайы қайтадан сөз болды. Биыл оның мөлшері қанша болмақ? Осы тұста біз автонарықтағы кейінгі жайттарды шолып шығуды жөн санадық.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»



Ашық дереккөзден алынды

БАҒА ШАРЫҚТАЙ БЕРЕ МЕ?

Автосүйер жұрттың 2024 жылдан дәмесі мол еді. Өйткені темір тұлпар құны біршама құлдырайтынын айтқандар көбейді. Мүмкін бұл қауесеттің шығуына өткен жылдың соңында көлік шығарушы компаниялардың азғантай жеңілдік жасағаны себеп болса керек. Елімізде көптеп сатылған Chevrolet маркалы жаңа көліктер жаңа жыл жақындағанда 1-1,5 миллион тенгеге дейін арзандаған болатын. Өйтсе де жыл басталғанда бәрі керісінше өрбіп жатыр. Автосалондардағы жаңа көліктердің бағасында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Бірақ ескі көліктердің бағасы шарықтап шыға келді. Мысалы, қазақстандықтардың сүйікті көлігіне айналған Toyota Camry-дың 35 және 40-шанактарының бағасы 7-8 миллион тенгеге бағаланып жатқанын көрдік. Әрине, бұл көлік құнын негізсіз бағалау екені анық, алайда сұраныстағы машиналар алдағы бірнеше жылда құнын жоғалта қоймайтынын аңғартты. Өйтпесе бұл панактағы көліктердің шыққанына 15-20 жыл болып кетті. Ал бағасы арзан әрі

тиімді саналған қытайлық көліктерге қоғамның сенімі аз. Соған қарамастан олар рекордты жаңартуда. Өткен жылы елде сатылған жаңа көліктердің үштен бір бөлігін қытайлықтар еншілеген.

Сарапшылар да жақын арада автокөліктердің арзандайтынына сенбейді. Мысалы, таяуда Freedom Finance Global талдаушылары 2024 жылы Қазақстанда көлік бағасы 17 пайызға дейін қымбаттайтынын жария етті. Компанияның талдауына сүйенсек, автокөлік нарығының өсу қарқыны 2024 жылы инфляцияның төмендеуі қарқынымен бірге бәсеңдейді деп күтіледі. Алайда бұл көрсеткіш жергілікті нарық үшін бәрібір қымбат болып қалмақ.

«Автокредит берудің белсенділігін орташа позитивпен бағалаймыз, мөлшерлемелер төмендеуі тиіс, бұл автокөліктің қолжетімділігін жақсартады. Сондай-ақ арнайы ұсыныстардың, жеңілдіктердің және қысқа мерзімді бөліп төлеудің саны ұлғаятынын болжап отырмыз. Алайда жалпы кредиттердің мөлшерлемесі 10 пайыздан жоғары болып қалады. Жеңілдікке негізделген автокредиттердің шығуы екіталай» делінген компания зерттеуінде.

6-бет

ӨНІР ӨНІМІ

ЖИҢАЗ ӨНДІРІСІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ

Бүгінде тапсырыспен жиһаз жасау трендке айналды. Жаңа технологиялардың дамуы жиһаз жөндеуге де жаңашылдықпен келді. Бұрынғыдай ресейлік, беларусьтік жиһаз деп ешкімді таңғалдыра алмайсыз. Керісінше тапсырыспен жиһаз жасататын шеберлердің есімі таныла бастады. Соның бірі – Өбутәліп Пірімжанов.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Ол «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы мемлекеттен 6 пайыз жеңілдікпен субсидия алып, «Адал» шеберханасын ашты. Мұнда есіктің түр-түрі жасалады. Кәсіпкер 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жұмысшылар 150-250 мың теңге аралығында айлық алады. Шаруашылығына қажетті ағаш станогін Қытайдан арнайы әкелген. Өнімге қажетті материалдардың басым бөлігін Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан тасиды. Бояудың да италяндтық, түркиялық түрі пайдаланылады. Ал ағаш есікке қажетті өнімдер жергілікті жерден қолданылады. Өндіріс жұмыстарының басым бөлігі автоматтандырылған. Дайын өнім жасалып, сырланып, тұтынушының үйіне жеткізіледі. Кейіпкеріміз кез келген жұмысқа тәртіп пен талап қажет екенін жақсы түсінеді. Оның ұстаханасының өнімдері облыс аумағынан бөлек, өзге де өңірлерге сатылымға шығуда.

– Мұндай іспен айналысу бала күнгі қызығушылығымнан басталған. Үлкендердің ер шауып, қамшы өріп отырғанына талай мәрте куз болғанмын. Сол көзбен көрген дүние бүгінде өміріме арқау болып отыр. Тапсырысты тұтынушы талғамына сай жасап беруде бар мүмкіндігімізді пайдаланамыз. Қажетті материалдарды көбіне Алматы, Шымкент қаласынан алдыртып жатамыз. Сыр өңірінің өнімін бірдеке айналдыру ойым бар. Қазір бұрынғыдай бір сипаттағы жиһаздар сөн емес. Сондықтан ұдайы ізденіс үстінде болып, тәжірибемізді жетілдіріп отырамыз. Өйтпесе болмайды. Оның ішінде көленер ісі аса шыдамдылық пен терең талғампаздықты қажет етеді. Қазір қоғамда екі қолға бір күрек таппай, атанасының табысына танылып отырған жастар жеткілікті.

6-бет



Суретті түсірген Патрыкияй



ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ: ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДА ҚЫЗУ ЖҰМЫС



Премьер-министрдің айтуынша, электр энергетикасы – ел экономикасының тамырына қан жүгіртіп, тұрақты дамуға негіз болатын бірегей сала.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысына Қызылорда қаласындағы құны 215 млрд теңге, қуаттылығы 240 мегаваттты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы туралы баяндады.

– Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба. Бу-газ орталығын әлемдік тәжірибесі мол «Акса Энерджи» түрік компаниясы салуда. Бүгінгі күннің өзінде инвестор 70 млрд теңгенен

астам инвестиция бағыттады. Негізгі қондырғыларды дайындауға шетелдік компанияларға тапсырыс берілген, осы жылдың мамыр айында құрылыс алаңына жеткізіледі. Әкімшілік ғимараттар мен жұмысшыларға арналған жатақхана құрылысы аяқталып, жаңа жылу орталығы орналасатын жер дайындалуда. Құрылыс алаңында 220-дан астам жұмысшы және 50 ауыр техника жұмыс жасауда. Жазда 800-ден астам жұмысшы жұмылдырылмақ. Орталыққа дейін газ құбырын жеткізудің жоба-металдық құжаттамасы облыстық бюджет есебінен әзірленіп, қаржы қаралды, мердігер мекеме анықталды, – деді аймақ басшысы.

Нысанды 2025 жылдың тамыз айында іске қосу жоспарлануда.

Ал күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев электронды сауда жаһандық экономикалық өсудің жаңа драйверлеріне айналғанын атап өтті. 2022 жылғы қорытынды бойынша елімізде электронды сауданың үлесі 12,5%-ды құрады, бұл шамамен екі трлн теңге. Бұл ретте өткен жылдың 11 айында электронды сауда көлемі шамамен 2,2 трлн теңгені құрап, бөлшек көлемінен 13%-ға дейін өскен.

Қазақстандықтар негізінен интернет арқылы тұрмыстық заттар, киім-кешек пен аяқ киім, азық-түлік, косметика және дәрі-дәрмектер сатып алууда.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте Нұрлыбек Машбекулы жылу-электр орталығы құрылысына

қажетті қосымша жер учаскесін рәсімдеу жұмыстарын аяқтауды тапсырды. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясына» Қызылорда қаласының электр жүйелерін жаңғыртуға биылға қаралған бюджет қаржысының тиімді игерілуін және жұмыстардың мерзімінде әрі сапалы жүргізілуін қадағалау міндеті жүктелді. «КЕГОК» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы жоғары кернеулі электр желілеріндегі ажыратуды болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдауға, ал қала және аудан әкімдері желілердің тозу деңгейін төмендету бағытында жұмыстар атқаруға жауапты болмақ.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыс әкімі әлемдік экономикалық өсудің жаңа драйвері саналатын электронды сауданы дамыту үшін жергілікті кәсіпкерлерді оқыту қажеттігін атап өтті.

Бүгінде облыстағы өңдеу өнеркәсібі саласында 40-қа жуық экспорттаушы кәсіпорын жұмыс жасайды. Аймақта өндірілетін күріш және тұз өнімдері «Алибаба» интернет платформасы арқылы экспортқа ұсынылады. Күріш, ас тұзынан бөлек, цемент, шаны, уран және балық өнімдерінің өндірісі жолға қойылып, экспортталуда. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына электронды саудадағы экспорт көлемін арттыру үшін аталған кәсіпорындардың интернет-маркетплейстерге тіркелуін ұйымдастыру тапсырылды.

Сондай-ақ жыл басынан бері іске қосылған электронды ақшаны жедел аударуға бағытталған жаңа төлем жүйесін кеңінен ақпараттандыру керектігі айтылды.

ҚАБЫЛДАУ

«ОҢТҮСТІК» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫ ӘСКЕРЛЕРІ ҚОЛБАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірге іссапармен келген «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысы, генерал-майор Қуанышбек Үштаевпен кездесті.

Кездесуде облыстың аумақтық қорғанысын нығайту және дамыту бағытындағы мәселелер талқыланды.

Қуанышбек Өскенбайұлы Сыр өңіріне сапары барысында Қызылорда гарнизонымен танысып, 16-18 қаңтар күндері аумақтық қорғаныс бригадасы өткізетін командалық-штабтық жұмылдыру оқу-жаттығуына қатысады.

Аймақ басшысы аталған іс-шараның маңыздылығын айтып, оқу-жаттығудың сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ЖЕҢІЛ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАК АҚ Басқарма төрағасы Мейіраң Жәнішевпен кездесіп, Қызылорда облысында жүзеге асырылатын жобаларды талқылады.

Аймақ басшысы «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАК АҚ-на қарасты 4 еншілес кәсіпорын («Байкен-У», «Хорасан-У», «Семізбай-У», «РУ-6» серіктестіктері) аймақтың тіркеліп, 1800-ден астам адамды жұмыспен қамтып, әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып отырғанын атап өтті.

Кездесу барысында әлеуметтік мәселелер бойынша сұрақтар көтерілді.

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ қайырымдылық қызметі шеңберінде Қызылорда облысында 2017-2023 жылдары 1,1 млрд теңгеден астам сомаға көптеген әлеуметтік жобалар іске асырылды.

Бұдан басқа «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАК АҚ кәсіпорындары 2021-2023 жылдары Қызылорда облысында әлеуметтік маңызды бар жобаларды іске асыруға 150 млн теңге мөлшерінде қаражат бөлді.

Алайда Қызылорда облысында жалпы еліміздегі уранның шамамен 20%-ы өндіріледі. Аймақтағы уран өндіруші компаниялардың «Самұрық Қазына» қорына жыл сайын төлейтін дивидендтері шамамен 44 млрд теңгені құрайды. Сондықтан облыс әкімі әлеуметтік жауапкершілікті арттыруды ұсынды.



Осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру мақсатында облыста қаржыландыруда қажет ететін бірқатар әлеуметтік жобалар бар. Салыстырмалы түрде айтсақ, мұнай өндіру компаниялары соңғы 10 жылда 15,7 млрд теңгесін қайырымдылыққа жұмсаған. Ауыл шаруашылығымен айналысатын «Абзал и К» компаниясы Н.Лисов ауылында жыл сайын әлеуметтік нысандар салып, Осының ескеріп, уран өндіруші компанияларға да облыстың әлеуметтік маңызды бар объектілер құрылысын қаржыландыруды ұсынамыз, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Облыс әкімі Шиелі ауданы «Еңбекші» ауылдық округіне «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы арқылы көпір салу, 2015 жылдан бері «КАП логистика» серіктестігіне 10 жылға өтеусіз пайдалануға берілген «Самара-Шымкент-Еңбекші» жолының «Еңбекші» ауылына дейінгі 4,5 шақырым күрделі жөндеу қажеттігіне тоқталды. Қуаттылығы жылына 500 мың тонна күкірт қышқылын өңдейтін «СКЗ-У» зауытын кеңейту немесе жаңа зауытты Қызылорда облысына салу мүмкіндігін қарастыру туралы айтты. Мұнан бөлек, Нұрлыбек Машбекулы іске қосылған «Байкен-У» серіктестігін толық қуаттылықпен жұмыс істеуге көшүруді ұсынды.

Өз кезегінде «ҚазАтомӨнеркәсіп» компаниясының басшысы аталған жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылатынын жеткізді.

Кейінгі 3 жылда (2021-2023 жж.) әлеуметтік-экономикалық дамуға, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАК АҚ кәсіпорындары Қызылорда облысының бюджетіне 1 234 млн теңге, оның ішінде 2023 жылы 541 млн теңге көлемінде қаржы аударғанын атап өтті.

Нәтижесінде тараптар бірлесіп жұмыс жасауға сенім білдірді.

БРИФИНГ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ТИІМДІ ИГЕРІЛДІ

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиевтің қатысуымен өткен өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте былтыр атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы айтылды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



Өткен жылы бөлінген бюджет көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артып, 87,1 млрд теңгеге жеткен. Бұл қаражатқа 177 жобаның құрылысы жүргізілген. Сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен бірнеше әлеуметтік маңызды жобалар ел игілігіне табысталды.

Оның ішінде Қызылорда қаласында 4 іргелі мектептің жанынан қосымша ғимараттар салынған.

– Басты мақсатымыз – балалардың мектепке қатынауын жақын және ыңғайлы ету. Екіншіден, бюджет қаражатын үнемдеу. Қазіргі нарықтық

бағамен есептегенде бір мектепке орта есеппен 3 млрд теңге кетеді. Ал жоғарыда аталған бір қосымша құрылысқа 700 млн теңге жұмсалды, бюджет қаражаты үнемделді. Сонымен қатар 4 жаңа мектеп пайдалануға берілді, – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ аудандарда 4 ауылдық клуб, Қызылорда қаласында отбасы орталығы пайдалануға берілсе, 8 спорт кешені іске қосылды.

Ерекше атап өтетін жайт, облыс көлемінде құрылысы 2018-2020 жылдары басталып, түрлі себептермен аяқталмай қалған Жаңақорған кентіндегі 300 орындық, Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектеп және 600 орындық мәдениет үйі, «Жақсықалып» кентіндегі спорт кешенінің құрылыстары да аяқталып ел игілігіне берілді.

– Ал биыл 111 жобаны жүзеге асыруға, бұған қоса 7 ауданда «Фуханият орталықтарының» құрылысына қаржы бөлінуде. Осылайша басқарманың бюджеті артып отыр. Бұл қаражат жыл соңына дейін жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін тағы да ұлғаятын болады, – деді Е.Төрәлиев.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

Биыл өңірде «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық тұрғын үй бағдарламасы аясында 100 жас баспаналы болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов айтты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

ЖАСТАР БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

Басқарма басшысының мәліметінше, аймақ жастары халықтың 29,3 пайызын құрайды. Негізгі басымдық НЕЕТ санатындағы жастардың үлесін төмендетуге беріледі. Ал жастар саясатына бөлінген қаржы 3 есе артып отыр.

– Өткен жылы халықты жұмыспен қамту органдары арқылы 14 мыңға жуық жас жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында жастары несиесі портфелі 3,1 млрд теңгені құрайтын жас кәсіпкерлердің 65 жобасы субсидияланды. Жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдауға арналған 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиесі беру арқылы 2,3 млрд теңгеге 504 жастың өтінімі мақұлданды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жастардың жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 4,1-ден 3,5 пайызға төмендеді, – деді облыстық басқарма басшысы.

Қоғамдық даму саласында атқарылған жұмыстардың қорытындысын саралаған брифингте А.Есмаханов өткізілген шаралар, қоғамдық



саяси ахуал, медиа кеңістіктің жай-күйі, мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыруда жүргізіліп жатқан жұмыстарға ерекше тоқталды. Сондай-ақ алдағы уақытта атқарылатын бірқатар жұмыстар да айтылды.

Еске салайық, биыл аймақта Әйтеке биің 380 жылдығы, Жанқожа батырдың 250 жылдығы, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығы кен көлемде аталып өтеді.

ЫНТЫМАҚТА БОЛСАҚ, ЫҚПАЛДЫЛЫҚ АРТАДЫ

Сөз орайында экономикалық серпіліс жасау үшін екі ауқымды бағытты анықтап берді. Ол – біріншіден, ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру. Екіншіден, инвестиция тарту. Көп үміт Мемлекет басшысы атап өткен жаңа Салық кодексіне екені жасырын емес. «Жаңа Бюджет кодексі де – өте маңызды құжаттың бірі. Біз қазына қаражатына деген көзқарасымызды өзгертіп, оны тиімді, жөнімен әрі үнемдеп жұмсауға тиіспіз» деп атап өтті Президент.

Әрбір азамат ел алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі тиіс. Осы ойдың жетегінде журналистың «Қоғам не нәрсеге мән беруді қажет деп ойлайсыз?» деген сұрағына Мемлекет басшысы берген жауабында аса маңызды мәселені қозғайды. Ол – уақыт сынынан өткен, қоғамға қажетті құндылықтарды насихаттау арқылы саяси ахуалды үнемі сауықтырып отырудағы зиялы қауымның рөлі.

Ал қазір зиялы қауымның немісқайырлығы Мемлекет басшысын едәуір аландататын сияқты. Президент: «...Ашығын айтайын, өзін «ұлттың қаймағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері осы миссиясын өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ. Олар ұлтқа үлгі-өнеге көрсетудің орнына, ұсақ-түйек әңгімелерді қоздатудан, әдеттегідей «біздің халық аса данышпан» деп қайталай беруден немесе қара басының қамын күйттеп, билікке «жағдайымды жасамайды» деп өкпе артудан аса алмай отыр. Осылайша, ұлттық идеологияның даму жолында жалғандыққа жол беріледі». Тарихта зиялы қауымның елдегі экономикалық-саяси ахуалды сауықтыруда шешуші рөл ойнаған мысалдарды тарих біледі. Мәселен, екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан екіге бөлініп, экономикасы тұраған Оңтүстік Кореяны алайық. Ол кездегі Кореяның экономикалық жағдайы біз тәуелсіздік алған кезіміздегі еліміздегі экономикалық ахуалдан әлдеқайда төмен болған. Зиялы қауым өкілдері сол тұста саяси басшылықпен келісіп, барлық корейлерге «Тауық жақсы ма, әлде корей жақсы ма?» деген бір ғана сауал қоюға келіседі. Өрине, барша халық «корейлер жақсы» деп жауап береді. Осы жауаптың негізінде «егер корей тауықтан артық болса, ол онда одан ерте тұрып, ел үшін аянбай еңбек етсін!» деген Үндеу тастайды. Бұл Үндеуді бірінші болып сол кездегі корей жастары қолдайды. Шетелдерге шығып жалданып жұмыс істеп, табыстарын елдеріне беріп отырады. Корей осылай көтерілді.

Бір ғана өмірден сұрақ барлық азаматтың санасын селт еткізіп, ортақ мұратқа жұмылып, бірағы идея тоңірігіне топтастыра алды. Ал біз селқоспыз...

Сұхбаттың мазмұнына нәр беріп тұрған идея меніңше, Қ.К.Токаевтың қоғамда заңның салтанат құруына қатысты ұстанымы дер еді. Сұхбатта мынадай ой бар: «Мен елімізде «заң мен тәртіп» қағидатының орына түскенін қалаймын. Сондықтан нақты жауап берейін, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды толық қолдаймын. Біз заңсыздық пен қатыгездікке біркісідей батыл қарсы тұруымыз қажет. Сондай-ақ қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап, онымен бірлесу керек». Бұл – өркеніетті елдер ұстанып отырған қатаң қағида. Халықтың саяси мәдениетінің бір қыры десек, артық емес.

Алдағы жылдары оңай болмайтыны да жасырын емес. Ел болып жұмыла атқаратын жауапты жұмыстар шаштөктен. Осыған орай Президент: «Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген максаттарымыздың бәріне қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз» деді. Бір қарасаныз, шешілуі қиын түйін секілді аса ауыр міндет – бұл. Расында, баянды болашағымыз үшін жасалатын жұмыстардың жеңіл болуы да мүмкін емес. Хакім Абай мұндайда «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл» деген болатын. Мұндағы адамның ол құлдығы – өзіне өзінің құлдығы. Өзіне өзі құл бола алмаған адам неғұрлым ізгілікті істерге ұмтылғысы келмей, өз жанын өзі бағумен ғана күнін өткізеді. Жалқаулық, жатыпшылық, жағымпаздық, паракорлық, сатқындық... бәрі осындай шығалы. Азат басыңның құл болуы деген – өзіңді өзін бағындыра білу, игере білу деген сөз. Осындайда бабаларымыз «артық өрседен аяғыңды тартып жүргің» деп өсиет қалдырды емес пе?!

Сұрақ-жауап барысында Үкіметтің тиімді жоспарлау және ресурстарды орынды пайдалануы қажеттігі айтылды, яғни, сайлауда көпшілік дауысқа ие болған «Аманат» партиясының сайлауалды тұғырнамасы да Үкіметтің бағдарламасымен үйлестірілген әңгіме арқауына айналды. Бұл өз тарапынан Президенттің саяси қолдауы күшіне айналған партиямыздың ел алдындағы жауапкершілігін арттыруды талап етеді.

Нобель сыйлығының иегері Э.Хемингуэй «Адам жеңіліске төзу үшін емес, жеңу үшін жаралған» деген. Расында, Мемлекет басшысы айтқандай, «біздің бұрын кім болғанымыздан, қазір кім екеніміз ең бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды». Қоғам үнемі даму үстінде. Кешегіні қажай бергеннен пайда шамалы, алдымызды ойлайық.

Уақыт талабына сай елімізді жанаруға бастаудағы Мемлекет басшысының бастамаларын халықтық қолдаудың маңызды ерекше. Саяси реформалардың нәтижесінде халық саясаттың құралынан оның мәніне айналып келеді. Келелі істің негізгі тірегі ішкі бірлік. Ынтымақты болсақ, ықпалды боламыз.

Наурызбай БИҚАДАМОВ, облыстық мәслихат төрағасы, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы

ЖОБА

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасы кодексінің 37-бабының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы «__» №__ шешіміне қосымша

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, НК бойынша гигиеналық нормативтер, Нысаналы көрсеткіштер (Бастапқы мәні, 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж.). Rows include atmospheric air quality, water quality, and biological indicators.

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, ШРК е.ж.б.р., ШРК о.т., 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж. Rows include biological indicators, water quality, and air quality in various locations.

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, ШРК е.ж.б.р., ШРК о.т., 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж. Rows include water quality, soil quality, and air quality in various locations.



Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 164-235.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 3-қосымша

Жер және топырақ сапасы

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 236-248.

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 249-288.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 4-қосымша

Ағынды суларынан ластаушы заттардың төгуі

Table with 6 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 289-307.

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 308-318.

Жасыл желектерді көбейту.

Қызылорда облысының аумағында мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 7 млн.га құрайды, оның ішінде 3,8 млн.га орман алқаптары. Орман алқабының 83% - негізгі орман құраушы секеулік екіпелері алып жатыр.

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 319-328.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 5-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 329-338.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 6-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 339-348.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 7-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 349-358.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 8-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 359-368.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 9-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 369-378.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 10-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 379-388.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 11-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 389-398.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 12-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 399-408.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 13-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 409-418.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 14-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 419-428.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 15-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 429-438.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 16-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 439-448.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 17-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 449-458.

Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне 18-қосымша

Table with 4 columns: Index, Station Name, Concentration (mg/dm³), and three data columns. Rows 459-468.

Дәл қазіргі кезде салық тақырыбына қатысты мәселе қызып тұр. Әлі де көптің көкейін мазалап жүрген мәселелер жетерлік. Осы ретте біз Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергеновпен сұхбаттасқан едік.

«КӘСІПКЕРЛЕР

КЕЗ КЕЛГЕН УАҚЫТТА ТЕКСЕРУ БОЛАТЫНЫН БІЛУІ КЕРЕК»



– Фердоуси Әбілкасымұлы, жыл басынан бері мобильді аударымнан бас тартқан кәсіпкерлер саны артауда. Оның себебін немен түсіндіресіздер? Бұған дейін 3 жыл бойы шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жарияланған келді. Енді мораторий тоқтап, тексеріс басталған секілді...

– Мобильді аударымдарды тексеру заңсыз кәсіпкерлікті анықтауға бағытталған. Кейбір кәсіпкерлер сатылған тауар мен қызмет үшін төлемдерді мобильді аударым арқылы алады. Алайда бұл аударымдар бақылау-қасалық машиналарын, QR-кодтарды қолданбай жүргізіледі, фискалды чектер ұрылмайды. Соған сәйкес, тұтынушылар құқықтары бұзылады. Бұл жерде бір нәрсені түсініп алған жөн. Мобильді аударымдардың барлығы бірдей тексерілмейді. Түрлі адамдардан үш ай қатарынан ай сайын жеке банктік шотқа 100-ден астам аударым жүргізілген тұлғалар жатады. Бақылау шаралары адал салық төлеушілерге әсер етпейді және жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталғанына назар аударамыз. Бұл ретте, жеке тұлғалар өздерінің жеке мақсаттары үшін мобильді аударымдар жасай және қабылдай алады. Туыстарына, достарына, ата-аналар мен балаларға көмек, сондай-ақ басқа да өмірлік жағдайларға байланысты төлемдер жасай алады. Кәсіпкерлердің қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау фактілері орын алып жатқаны рас. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңның 25-бабында төлемдерді жүргізудің бірнеше тәсілдері көрсетілген. Соған сәйкес, кәсіпкерлердің қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдаудан бас тартуы заңсыз және тұтынушылардың құқығын бұзады. Бұл жөнінде тұтынушы бейнеірекүмен (видеофиксация) расталған фактіні салық органына хабарлауға құқылы. Ал егер көрінеу жалған ақпарат хабарланған болса, онда заң аясында жауапкершілікке тартылатынын ұмытпағаны абзал. Заң бұзған кәсіпкерге ескерту жасалып, 1 жылдың ішінде қайталанған болса, айыппұл салынады. Оның көлемі 40-100 АЕК мөлшерінде.

Мораторийге келетін болсақ, осыдан үш жыл бұрын Президент енгізген шағын және орта бизнесті тексеруге жарияланған мораторий бизнеске, пандемия кезінде кәсіпкерлерге көп көмек болды. Өткен жылы шағын және орта бизнес субъектілері өндірген тауар мен көрсеткен қызмет түрі едәуір өсіп, 2022 жылдың тиісті мерзімінен салыстырғанда 123,2 пайызға артып отыр. Мұндай көрсеткіш кәсіпкерлер мен жергілікті билік өкілдерінің арасындағы жолға қойылған байланыстың нәтижесі деп ойлаймыз. Дегенмен, мораторий аяқталды. Қалай болғанда да кәсіпкерлер кез келген уақытта тексеру болатынын білуі тиіс. Соның ішінде маңыздысы – кәсіпкерлер барлық талаптар мен заңдылықтарға сай болып, өздеріне қатысты бизнес-процестердің заң талабына сай жүруін қамтамасыз етуі керек.

– Салық – мемлекет қазынасы. Оны төлеу әрбір азаматтың міндеті саналады. Алайда салықтан жалтаратындар жайлы не айтуға болады? Жалпы салық төлеу мәдениетін арттыру үшін қандай шаралар жасалу керек? Мүмкін кәсіпкерлерді ынталандыру керек шығар?

– Жалпы ел экономикасының дамуы, соның аясында мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған кешенді шаралар өз жемісін беруде. Салық төлеушілердің саны мен түсімі көлемі де жыл сайын көбеюде. Тек 2023 жылдың ішінде мемлекеттік бюджет түсімі 95,6 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсімі 17,6 млрд теңгеге артып отыр. Бүгінгі күнде қаламызда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 38 737,

оның ішінде заңды тұлға – 7903, дара кәсіпкер – 30 834.

Өкінішке қарай, заңнаманы сақтамай мемлекет алдындағы талаптарын орындауда керітартпа әдіске баратын салық төлеушілер жоқ емес. Ондай жағдайда заңмен қаралған бақылау арқылы салықтан жалтаруға тосқауыл қойылып, берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады. Айталық, касса және банк шоттары бұғатталады, олардың дебиторларына және банк шоттарына инкассалық өкім қойылады, мүлкін сату есебінен салық берешегі өндіріледі. Былтыр борышкердің банк шоттарынан инкассалық өкім арқылы және олардың дебиторларынан 1,3 млрд теңге салық берешегі алынды. Каммералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 4532 салық төлеушіге хабарлама жіберіліп, нәтижесінде бюджетке 4,6 млрд теңге өндірілді.

Қазіргі уақытта салық төлеушілердің көпшілігі адал жұмыс жасауға ынталы, өйткені бизнестің өзі көпкелі бизнеске қарағанда ашық салық төлеуші болудың дұрыс және тиімді екенін анық түсінді. МКК тарапынан бизнестің цифрландыру мақсатында пилоттық жобалар енгізіліп, салық төлеушінің жұмысын жеңілдету үшін цифрлық технологиялар ұсынылып, қолданылады. «E-Salyq Business», «E-Salyq Azamat», виртуалды қойма, тауарларды танбалау, электронды счет фактура, «Астана-1» АЖ, үш құрамдасты интеграцияланған жүйе. Бұл аталған мобильді қосымшалар кез келген қызметті үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік береді және уақыт үнемдейді. Салық төлеушілердің мәселелерін одан әрі жеделдету үшін екінің денгейлі банктармен бірлесіп, банктік қосымшалар жаңа сервистер де қосылды.

– Жалпыға бірдей декларациялау қалай жүреді? Оның кезең-кезеңімен жүзеге асатынын білеміз. Быыл кімдер қамтылады?

– 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Жалпыға бірдей декларациялаудың 3-кезеңі аясында декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары (зайыптары), дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары) 15 қыркүйекке дейін тапсыруы міндеттеледі. Аталған декларацияларды «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы (cabinet.salyq.kz), «Электрондық Үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ «AppStore» немесе «Play Market»-тен «E-Salyq Azamat» және «eGov mobile» мобильді қосымшалары жүктеу арқылы тапсыруға болады.

– Әңгіме ауаның тағы да салық тақырыбына ойыстырақ. Бізде қазақстандықтар төлейтін салықтың түрі көп екен. Білуіміз 76 түрі бар. 30 жыл ішінде салық саласы бірнеше реформаны бастан өткергені де білеміз. Бірнеше рет заңға өзгерістер енгізілді. Былтыр қолдесте қандай өзгерістер бар?

– Президент Жолдауында жаңа экономикалық бағдардың басты басымдықтарын атап өткен болатын, яғни 2024 жылы салық заңнамасына енгізілген өзгерістер күшіне енді. 1 қаңтардан бастап елімізде сын-кәтерлерді басқару автоматтандырылған жүйесі істейтін болады. Оның көмегімен тексерістер тек сын-кәтер, яғни берешек және айыппұл табылғанда немесе салыққа байланысты бұзушылық пайда болғанда ғана белгіленеді. Мемлекет бұл арқылы бизнес тексерістерін екі есе төмендетіп, айыппұл санын азайтуды көздеп отыр.

2024 жылы жаңа есептік көрсеткіштер мен заңнамаға енгізілген өзгерістер күшіне енді. Бірінші жиынтық төлем қолданыстан шықты, ал жұмыс берушілер енді жұмыскерлер үшін зейнетақы жарнасын өз қаражатынан төлейді.

2024 жылғы есептік көрсеткіштер минималды есептік көрсеткіштер «Республикалық бюджет туралы

заңда» бекітіліп, жыл сайын жаңартылып отырады. Еңбекақы, зейнетақы, салықтар, айыппұлдар, жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер және тағы да басқа төлемдер осы көрсеткіштерге сәйкес есептеледі.

Сонымен қатар, 2019-2023 жылдары Қазақстанда Бірінші жиынтық төлем (БЖТ) қолданылған болатын, оның құрамына табыс салығы, әлеуметтік аударымдар, зейнетақы жарнасы және МӨМС сияқты төрт міндетті төлем кірді. БЖТ-ны жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген, жұмыскерлері жоқ және тек жеке тұлғалармен жұмыс істейтін кәсіпкерлер ғана төлейтін. 2023 жылғы 31 желтоқсаннан бері бірінші төлем қолданылмайды, сол себепті БЖТ төлеушілер жеке кәсіпкерлік ретінде тіркеліп, салық режимін таңдауға міндетті. Одан бөлек, салық тексерістері бойынша, салықтық зерттеу-қарау құжаттары, камералды бақылау нәтижелері, бірінші декларация тапсыру мерзімі, бөлшек салықтың арнаулы салықтық режимдеріне байланысты, арнаулы экономикалық аймақтар қатысушыларына арналған салық жеңілдіктері, арнаулы әлеуметтік төлем бойынша да көптеген өзгерістер қолданысқа енгізілді.

– Сарапшылардың пікірінше, салық жүйесінде өте көп өзгерістер болады. Заңдағы өзгерістердің көптігін кәсіпкерлер қандай салық төлейтін де білмей, соның салдарынан айыппұл төлеуге мәжбүр. Былтыр QR орнатқан кәсіпкерлер енді одан бас тартып, алып тастап жатыр екен. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Салық жүйесіне өзгерістер енгізіліп жатқаны рас. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізілетін тексерулер бойынша нормалар алынып тасталады. Осыған байланысты Салық кодексінің 146-бабының 8-тармағына мемлекеттік кірістер органдарының хронометраждық тексеру жүргізу мерзімін 30 жұмыс күнінен артық ұзартпауды көздеуін өзгерістер енгізілді. 158-бабының 3-тармағына салық төлеуші кәсіпкерлерді тарта отырып хаттама (акт) жасау арқылы оны алудан бас тартқан кезде салықтық тексеру актісін тапсыру рәсімін регламенттеуді көздеуін өзгерістер де қосылды.

Сонымен қоса QR – Kaspi, Halyk банк аударымдары бойынша кәсіпкерлердің басты сұрақтарына тиімді салық режимі қолданысқа енгізілгендігін айтқым келеді. Осы режимді қолдану кезінде қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 30 маусымдағы шешімімен 2% болып бекітілген. Қазір бөлшек салық режимімен 52 салық төлеуші жұмыс жасауда. Себебі осы режимді қолданатын субъектілер, айналым мөлшеріне қарамастан, әлеуметтік салық пен ҚҚС төлеуші болып табылмайды. Экономикалық қызметтің жалпы тізбегі негізінен жеке тұлғалар үшін тауарларды сатуға және қызмет көрсетуге бағытталған 190 қызмет түрі кіреді. Оның ішінде бөлшек сауда, автомобильдер, киім-кешек пен жиһазды жөндеу, ағаш өңдеу, сырлау және сылақ жұмыстары, жолаушы тасымалы, сондай-ақ қоғамдық тамақтану және т.б. қызмет түрлері қолдана алады. Бөлшек салықтың АСР (арнаулы салық режимі) тіркелмей, табыс көлемі жыл көлемінде 73 840 000 теңгеден асатын жағдайда Салық кодексінің 82-бабына сәйкес қосылған күн салығын төлеуші ретінде тіркелуі қажет. Егер табыс көлемі жыл көлемінде 73 840 000 теңгеден асып, ҚҚС тіркеу есебіне тіркелмей жұмыс жасаған жағдайда (ӨКБТК 275-бабы) есепке қойылмаған кезең үшін айналым қосымшаның 15% мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғлады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айсуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ТІЛ БІЛІМІНІҢ КӨРІГІНДЕ ШЫҢДАЛҒАН

Бүгінде алпыс атты асқаралы жастың табалдырығын аттаған Болат Елтайұлымен алғаш танысқаным есімде жоқ. Өйтеуір Ғылым академиясының қалтарыстарында кездесіп, әңгіме өрбіткен шақтар көз алдымда. Бізді барынша жақындатып жіберген ғылыми жетекшіміздің бір адам, қала берді ғылыми тақырыптарымыздың бір арнадан табылып жатқандығы болды ма деп бағдарлаймын. Бір қайнауы ішінде жасырынған сол уақыт шеңберіндегі әріптестеріміз ғылым сынды санаттың барлық берерін алып қалғысы келді. Диссертация қорғаудың қай мекемеде өтетінін алдын ала біліп, басталар уақытынан бұрын келіп, аудиторияның бір шетінен тиген орынға жайғасып алуды әдетке айналдырды. Екінші жағынан аға буын ғалымдарымыздың тұлғасын көріп, лебізін естіп, сөзаралық саудаға түскен тақырыпты тарқататын тұс та көп болатын.



Ата-анадан тарамдалған тұлғам күш пе, туған ауылындағы мектеп пен жоғары мектептен жиган-терген білім бе, әйтеуір тіл мен әдебиеттің терең тарихы, синхронды әлеуеті Боранбай баласының аузынан шыққанда, ой-ландырып-ақ тастайтын. Оның өзіндік негіздемелері мол екен. Біріншіден, аңызға бергісіз Қоңыратбаевтың алдын көріпті. Иә, иә, сол Әуелбек Қоңыратбаев! Дала академияның ақыл-танымна қала академиктерінің өзі әдейі ат басын бұратынын бүгін біреу білер, біреу білмес. Дәл осы сыйды тағдырдың өзі бұйырты. Абыз әдебиетінің аузынан төгілген жыр-дастан Болат Елтайұлына етене сінді. Қазір қайта айналып сұқтана сұрасан, Әуелбек әуеніне салып, тегіліп кететіні содан-ау, шамасы!

Екінші жағынан, тіл білімінің қадидасы мен жатық практикасы да студент кезінде қаланды. Қызылорда – тіл мен әдебиеттің тамыры жайылған мекен. Кешегі Молдаш Достанов, Әли Байжолов, Медеуәлі Бимағанбетов, Әбжанар Аблоков тәрізді т.б. тараптар тағалымы керемет-ақ болатын. «Достановтың салпыншақтары» әлі күнге дейін ел аузында. Әли Байжоловтың қаталдығы алдындағы шәкіртті терендікке итермелейтін. Қазақ грамматикасының құрылымы мен құрылысын тең ұстаған ұстаздары (Бимағанбетов, Аблоков) ғылымға ұқыптылықты игертіп кетті. Бұған мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде шақырылатын Қ.Есенов, Т.Сайрамбаев сынды синтаксис сүйелерін қоссаңыз, сөз терем деген ізденуші танымның байытағын күмән тудырмайды.

Қазақ ілімінің түлеуі ел төуелсіздігінің той-той басуымен тұспа-тұс келді-ау деймін. Елдің шығысы мен батысы, күнгейі мен теріскейінен түлген жастар ғылымның ошағына айналған Алматы шаһарына бет түзеді.

Бұл көшке Сыр елі Боранбай Болат Елтайұлының қосты. Сол 1990 жылдар ортасы ұлт ұстазы еңбектерімен қаушыудың басы еді. Ақталғанына сенімділік аз болды ма әлде сенікпемеді ме, бәлкім, жас буын өкілдеріне салмақ түсіргісі келмегендіктен болар, әйтеуір Ахмет шығармашылығы тек аға буын ғалымдарымыздың топшылауына тиді. Бізге біткені 1940 жылдардан бергі еңбектері. Сол жылдары Н.Сауранбаев ілімі сараланды. С.Аманжоловтың пайымдаулары тарқатылды, С.Жиенбаевтың бар болмысы таразыланды. Сейлі Сарықұлының тіл біліміне қатысты сергек те серпінді тұстарын Болат Боранбай екішеді.

«Сейлі Жиенбаевтың қазақ тілі білімі саласында жазып қалдырған мұралары сан алуан. Олар – қазақ әліпбиі мен емлесіне байланысты ұсыныстары, пунктуацияға қатысты еңбектері, қазақ тілі лексикасы жөніндегі жұмысы, сөздіктері жасау принциптері туралы нұсқауы, сөздерді таптастыру туралы және жекелеген сөз таптары туралы, сөйлем мүшелерінің талас мәселелері туралы, құрмалас сөйлем туралы, тіл тарихы жөніндегі пікірлері, қазақ тілі әдістемесі мәселесіндегі еңбектер шоғыры» деген түйіннің ақиқаты күмәнсіз. 1940 жылдар шамасындағы тілдің

түйткілді тұстарын түгендеген С.Жиенбаевтың тұжырымдары қазіргі күні Болат Боранбайдың бағамдауына ауысқан ба дерсіңіз?!

Біздің пайымдауымызда, 1994-1995 жылдардан бастап қазақ тілі білімі өзінің өткені мен бүгінгі тиянақтауды мұқият қолға алды. Тарихта алғаш рет «Қазақ тілі» энциклопедиясына мол материал жинақталды. Соның ішіндегі тіл білімінің тұлғаларына қатысты, бұрыннан бар және жаңадан танылған тосын бірліктеріне қатысты мол мақалалар Болат Боранбай өсімімен тарқатылды. Шын мәнінде, бұл энциклопедиялық мақалалардың қазақ ғылымы үшін берері, жол сілтері көп болды. Ең алдымен, қазақ ғылымының бастау көздері анықталды. Екіншіден, көзі-қарақты қазақ жұрты тіл біліміндегі ақтандақ жылдардың еншісін қайтарды. Тағы бір соны тұс, қазақ тілі білімінде теориялық қағидағаттар жүйеленді.

Айналасы төрт-бес жылдың шамасында Болат Елтайұлы қажетті талап деңгейіндегі сұра-ныстарды (мақалалар жариялау, ғылыми іс-шараларды баяндама жасау, дөңгелек үстел, семинарларда сұраққа жауап беру) толық қамтып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Көп бөлігемей туған жеріне бет алды. Онда да алысқа аяқ баспай, студент ретінде жасакталған оқу орнына келді. Тек ол енді студент емес, студентке тәлімгер болып оралды. Өз ұстанымын орнатты, білгендерімен білетіндерді байытты. Алдыңғы толқын аға ұстаздарды ұлықтап, жоғарыда айтқан ұқыптылықты енді басқаға сіңіруді қолға алды.

Өзі әр өңірдің жоғары мектеп оқытушыларына қоғамдық саныны өзгертуді, мәдениеттің мәйегін түзуді маңдайына жазып қойғандай әсер береді. Естеріңізде болса, 2017 жылы қоғамдық сана жаңа әліпби мәселесімен жаңғыра қалды. Несін жасырайық, Ахмет іліміне сүйенгендер бір төбе де, ілімге сүйенеміз деп сергелденге салғандар бір төбе құрды. Осы тұста салмақты сөз Сыр елінің жігіттерінен шықты. Басы Болат Боранбай десем, ешкімнің көңіліне келмес. Ғалымның бұл бағытта жазған «Ахмет Байтұрсынұлы және дыбыс жүйесі», «Ә-нің әлегі немесе емле түйткілдері» болмаса «Емле ережесіндегі кейбір мәселелер жайында» мақалалары әлі де болса әудем жерге жеткізетіні ақиқат.

Елдің ежелгі тарихы жер-су атауларының түгенделуінен тарайды. Ономастика мәселелерін Болат Боранбай жазып жүр. Мәселен, Бексұлтан Нұржесекұлының шығармасына шылау салған «Өзендер өрнектеген өлке»: атаулар қазынасы» атты мақалаға сүйеніп, топоним, зооним, этнонимдердің түр-түрін жинақтап алуға болады. Дәл осы тұжырымға ғалымның «Ай мен Айша»: атаулар бітімі» атты мақаласын да қосар едік. Қолымызға «Сыр бойы» газетіндегі «Жер аты – тарих хаты» атты сұхбат та ілікті. Тек Сыр аймағына емес, тіпті тек қазақстандық ауқымда емес, әлемдік ел-шаһарларына қазақ транслитерацияланған атаулар тал-

қыланыпты. Айтса айтқандай, «Біздің халқымыз жер-су аттарын қоюға өте шебер, оған ерекше мән берген. Халықтың суреткерлік көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін атаулардың сымбат-көркі қандай десеніңіз?! Қазақстанда таным-пайымды көріктендіретін һәм тереңдететін, қиял-сезімді қанаттандыратын мән-мағынасы сұлу жер-су атаулары жеткілікті» деген сұхбат иесі Б.Боранбайға алып-қосарымыз артық болар!

Болат Боранбайды синтаксис ғалым десек те орынды. Бұған, біріншіден, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, жоғарыда аталған мұғалімдерінің брендтік білім бергені бекем байлау болды. Екіншіден, бәйгеге қосқан Қайырболат Есеновтің бірегей бітімі бағыттады, мәре сызығын қиғызған Сапарғали Омарбековтің есімі де бүгін аталса ия. Менің байқауым бойынша, таным, талғам, парасат таразыға түскен кезде, ұстаз аты салмақтырақ болады екен. Жарқын бейнелері жадьымызда сақталсын!

Біз білген ғалым Болат Боранбайдың ордабұзар отыз жасында, осыдан отыз жыл бұрын, бір ғана мақсаты болды: азаматтығым – абыройым деген. Сол жылдары азаматтығы парызға ауғанын өзі де білген жоқ. Мүмкіндігінше, тарқатып көрсеткенімдей, азы тіл білімінің көрнекті өкілі С.Жиенбаевтың аруағын аунатты, артығы сол, өзі тіл білімінің таразысында тенселді, соңында тербелді. Тенселген тұс Қ.Есеновтің қазақ тілі білімінен жырақтап, мәңгілікке бет бұрған шақ та, тербелген тұс ғылым кандидаты дәрежесін иеленгеннен бергі екі мүшелік ғылыми ғұмыр ма деймін! Кейіннен парыз пайымға ауды: Болат Елтайұлының пайымдауындағы тағалымы мол тілдік түйткілдерді ауылдық, аудандық, аймақтық, республикалық аудитория асыға күтетін күйге келді. Бүгін пайым талғам мен жауапкершілікке жүк артқандай әсер береді. Тіл білімі сынды телегей теңіздей шығармашылық жұрттың жауапкершілік тағамынан талқан түйгендей ғана қызмет ететін болса, ұлт ұстазы жеткізгендей, «Ақылдың андауын андағанынша, қиялдың мензеуін мензегенше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарайтын» тілдің міндеті орындайтын еді. «Мұның бәрине жұмсай білетін адамы табылса, тіл шамақандырына жарай» берді екен. Ондай адамның ортамыздағы екі отызға келген Болат Елтайұлы екені де анық!

Сөз соңында Қорқыт ата университетінің ұстазы, филология ғылымының кандидаты, профессор Боранбай Болат Елтайұлының асқаралы алыс жасымен құттықтаймыз. Ғылым биігіне ен салған, ұлағатты ұстаздықты қоса менгерген ерен еңбек иесінің жолы ашық та сәтті, бағы салмақты да берекелі болсын!

Бекен САҒЫНДЫҚҰЛЫ,
филология ғылымының
докторы, профессор,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



ЖАҢА НҮСҚАДАҒЫ НАСАБНАМА

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Сыр бойындағы діни ағартушылар мұрасын кешенді зерттеу» тақырыбында жиын өтті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

аударылған насабнамасы (шежіре) талқыланды.

– Шежіре – ұлтымыздың бір бөлшегі. Ол ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға жалғасып жаңғырып отырмақ. Бүгінгі басқосуда осы бағытта тарих жылнамасы тарқатылып, жаңа бағытта анықтама беріліп, толықтырылып отыр. Құнды дүниенің осынша аралықта қалпын бұзбай сақталуы – таңғаларлық нәрсе. Насабнама нұсқасының жаңа сипат алып, ұрпақ санасында қайта жаңғыруы – құндылықтың жарыққа шығуы, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Асхат Сайлау.

Қазақ халқының тамыры терең тартқан алып бәйтерекке бала саяқ, үш жүзге кіретін және кірмейтін рулар оның бұтақтары іспетті. Сондықтан әрбір қазақ өзі өсіп-өнген, шыққан тегін білуі қажеттігінде дау жоқ.

Ақын Әбубәкір Кердері: «Жігітке бақыт та оңай, дәулет те оңай, болса егер қабырғасы халқы оның» деп өз заманында жырлап өткен.

Алғаш рет аударылған насабнама ислам

әлемінде «Шахмаруан Муртада» деп аталған төртінші халифа Әли ибн Әбу Талиб және оның ұлы Мұхаммед Ханәфиядан бастау алып, XVIII-XIX ғасырда Алаш жұрты құрметтеген, Құлболды ишанның ұстазы, атақты Смайыл Әздүр Қылышқожаұлының балаларынан аяқталады.

Жынында баба ұрпақтары жиылып, дәстүр сабақтастығының алтын арқауы болған насабнама нұсқасының ескі құрылымын тарқатып, келешек ұрпаққа жөнді жеткізу жөнінде уағдаласты.

Насабнамаға 77 адамның есімі сонымен бірге Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистері мен әйел адамдардың есімдері енгені анықталған.

Шамамен XVIII-XIX ғасырларда араб және түрік тілінде жазылған. Жәдігер осыған дейін Смайыл Әздүрдің ұрпағы Тұрымбет қалпа арқылы немере інісі Жанболат Әлиақпаровтың қолында сақталған.

Жоба барысында насабнаманың электронды көшірмесі музей қорына тапсырылды.

«Арай» клуб кешенінде ақын Мөлдір Айтбайдың «Махаббат және бақыт үшін» атты эстетикалық поэзия кеші өтті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Өлең бүйіне өрлеу

Кеш барысында саксафон, виолончель, гитара, домбыра, фортепианоның сүйемелдеуімен өлеңдер оқылып, модерн стилінде би қойылды.

Нұртуған Жанабай, Аружан Қойшығара, Әйгерім Танатова секілді әншілер ақын өлеңіне жазылған әндерді әулетте орындап, көрермен қошеметіне бөленді. Алматы қаласынан келген жас сазгер Әділет Әкімхан ақын шығармашылығына тоқталып, жаңа туындыларын тарту етті.

– Мөлдір бос уақытында шет елге саяхаттағанды жақсы көретіні көпшілікке мәлім. Осы кештен кейін оның шет елді көргені шығармашылығының өсуіне зор ықпал еткенін байқадық. Ақын қыз поэзия кеші калай өтуі керек екенін көрсетіп берді. Талабың оң болсын. Өнер көңіңде, өлең биіңде өрлей бер, – деді ақын Ерженіс Әбді.

Ерекше бағыт, жаңа форматта өткен поэзия кешінде сыр-

бойлық жас ақындар да жиналды. Ақын Максат Дауылбай Мөлдірдің «Жылағам» атты өлеңіне жазылған әнді орындап, гүл шоқтарын табыстады.

Кеш «Махаббат және бақыт үшін» атты диалог-поэзиялық композициямен қорытындыланды.

– Мұндай кеш өткізу көптен ойда жүрген жоспар еді. Алғашқысын Сыр өңірінде өткізудің өзіндік маңызы бар. Бұл – шырын тілді шайырлардың шоқтығы биік, тұғырлы өлкесі. Ақын деп айдар тағып, айдарымнан жел естірген мәртебелі мекенім. Өнеріме қолдау көрсетіп, кештің елу билетін алдын ала сатып алып, оңалту орталығы мен шығармашыл жастарға сыйлаған облыстық мәслихат депутаты Нұрболат Ибраевқа алғыс айтамын. Бұл бағыттағы поэзия кеші алдағы уақытта өзге де өңірлерде өткізілмек, – деді ақын Мөлдір Айтбай.

ЖИҢАЗ ӨНДІРІСІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ

Оларға айтар кеңесім, мемлекет пен отбасына қарап отырмай қолдан келер іспен шұғылданыу керек. Мемлекет кәсіппен айналысуға мүмкіндікті жасап, қолдау танытуда. Сондықтан өз мүмкіндігіндей мольна пайдалана білген ләзім, – дейді цех директоры.

Қазір инновацияның дамыған дәуірі, жастар әртүрлі ғылыми жаңалықтар ашып қолданысқа енгізуде. Дегенмен атаның тегімен, ананың сүтімен келген ұлттық қасиеттерімізге мән беріміз қажет. Жаңаға жан, темірге тіл бітірген шеберлер кім-кімді болса да тәнті етеді. Халқымызда «Қолынан келген құмға кеме жүргізеді» деген сөз бар. Бұл ұшқыр ойы мен шеберлігін ұштастырған ұста-ларға айтылса керек-ті.

1-бет

Мұнда жұмыс істейтін шебердің бірі – Талғат Әшірбеков. Өзінің сөзінше, жұмысқа кіріскелі көп уақыт бола қоймаған.

– Келген тапсырыстарды дер уақытында аяқтаймыз. Мәселен, бір күнде 10-15 есік жасап шығарамыз. Қалада осындай орталықтар көп болса, жастар жұмыссыз жүрмейді деп ойлаймын, – дейді ол.

Кәсіпкер жасаған бұйымдарымен облыс орталығынан бөлек аудандарды да қамтып отыр. Арнайы тапсырыс беретіндер де табылады. Бағасы көлемі мен пайдаланылған материалға қарай қойылады.

Бұл – өлшеусіз еңбек пен төккен тердің жемісі мен жемісі. Қазір Әбуғали жасаған жиһаз көп тұрғының үйінде тұр.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ



Өмірдің қас-қағым сәтте өтіп кетерін кейде кеш ұғынып жатамыз. Әсіресе жаныңа жақын жандарды кенеттен жоғалтқан өте қиын екен. Біз үшін бауырдай болып кеткен құрбымыз, бала күннен бірге өскен досымыз, отбасының орны бөлек отанасы Гүлайым Куанышбекқызы осыдан бір жыл бұрын 63 жасында арамыздан мәңгіге алыстаған болатын.

Гүлайым Куанышбекқызы үлгілі отбасында тәрбие алып,

ауылшаруашылық саласында кызмет атқарған. Атқарған еңбегі елеусіз қалмай, бірнеше марапаттарға ие болған. Бүгінде біз сағына еске алған аяулы жанымыз жұбайы Жаңбырбаймен екеуі бір шаңырақ астында бақытты ғұмыр кешіп, білімді де білікті ұл-қыз тәрбиелеп, немере сүйді. Оның артында ізін жалғар алтын асықтай ұл-қыздары қалды. Бізге ортақ естеліктер мен балалықтың бал дәурен шақтарын артына қалдырып, жарқын бейнесін сағынышқа айналдырған адал досты әлі күнге іздейміз. Біз үшін өткен шақта сойлеу қиын әрине. Себебі Гүлайым құрбымызбен бірге жүрген кездер ойға оралса, жанымыз күлазиды. Бүгінде аяулы жанды сағынышпен еске алып, мәңгілік жаны жәннаттан болуын Алладан тілейміз.

Еске алушылар:
1977 жылы Қармақшы ауданы, Орктае ауылындағы №109 орта мектепті бітірген сыныптас достары

АВТОНАРЫҚ: ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫ ЖАРЫЛҚАЙТЫН ЖҮЙЕ КӨРІНБЕЙДІ



Ашық деректерден алынды

Талдауға қатысқан респонденттердің басым бөлігі алдағы жылы жеңіл автомобильдерді сатып алуға сұраныс 53,9 пайызға артады деп болжаған. Төрттен бірі жеңіл автомобильдерге деген сұраныс өзгеріссіз қалады десе, қатысушылардың 9,1 пайызы алдағы жылы сұраныс төмендеуі мүмкін деп санайды. Сарапшылар болжамына сай, Hyundai және Chevrolet брендтері нарықтағы көшбасшылық позицияларын сақтап қалмақ. Алайда Қытай автомобильдері 2023 жылға қарағанда тағы да арта түспек.

Сонымен қатар, елде электрқарлардың қарқыны өсті. Демек, қызмет көрсету желілері де дами түспек. Сарапшылар жеке сатушылар да, дилерлер де қытайлық электрқар модельдерін сатуды кеңейте түседі деп күтеді. Үлкен қалалардың жолдарында көліктерді зарядтауға арналған нүктелер көбеюі мүмкін. Айтпақшы, Қазақстан бойынша ең жаңа көліктер Астана қаласы мен Атырау облысында көп сатылған. Ал ең ескі автокөліктер Жамбыл мен Жетісу облысында тіркеліпті. Бір қызығы, елдегі автомобильдердің орташа жасы 14,3 жылды құрайды. Өте нашар көрсеткіш, сипаттап қарайтын болсақ, көлігі бар қазақстандықтардың барлығы 2010 жылы шыққан көлік мінгіп жүр деген сөз. Өз кезегінде бұл экология мен жол қауіпсіздігіне кесірін тигізеді.

ӨЗГЕРІС ӨСУМЕН ҒАНА ӨЛШЕНІП ТҰР

Автонарықты жиі шопып отыратындар былтырғы газ тапшылығын ұмытпаса керек. Тапшылық қолдан жасалды деп күмәнданғанымыз да жасырын емес, ақыры газ

өндіруші компаниялар мен Энергетика министрлігі ортақ ұстанымдарын іске асыруға көшті. Биылдан бастап газ қымбаттады. Қызылорда облысының аумағында енді автогаз литрине 64-69 теңге аралығында сатылады. Республика бойынша ең қымбат шегі 86 теңгеге жетті.

Сол тәрізді бағасы өскен дүние аз емес. Біріншісі, айыппұл. Биыл жылдамдықты асыратын көлік иелеріне салынатын айыппұл көлемі артты. Жылдамдықты сағатына 10-20 километрден асырған жүргізушілерге салынатын айыппұл мөлшері – 5 айлық есептік көрсеткішке өсті. 2024 жылы 1 АЕК 3692 теңге болатынын ескерсек, бұл айыппұл шамамен 19 мың теңгеге жуықтайды. Сонымен қатар жүргізушілер қауіпсіздік белдігін тақпаса, көлік тоқтату ережесін бұзса дәл осындай мөлшерде айыппұл төлейді. Егер бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кетсе 10 АЕК (2024 жылы 36 920 теңге) айыппұл арқалайды. Жаяу жүргізушіге жол бермеген, жылдамдықты сағатына 20-40 километрден асырған, мүгедектерге арналған тұраққа көлік қойған азаматтар да 36 920 теңге айыппұл төлемек.

Ал жол ережесін бұзғаны үшін салынатын ең жоғары айыппұл – 50 АЕК (184 600 теңге). Жүргізуші куәлігінен айырылған адам рөлге отырса, тиісінше қазынаға дәл осындай мөлшерде ақша құяды. Сондай-ақ ол 10 тәулікке қамалады. Оқина орнынан кетіп қалған жүргізуші де осынша көлемде айыппұл төлеуге міндеттеледі немесе бір жылға көлік басқару құқығынан айырылады.

Қорыта айтқанда, автокөлік иесі атандудың өзі қатпаа үлкен салмақ болмақ. Сондықтан қана жерден қауіпсіздік талаптарына сай емес десек те, ел ескі көліктерді сатып ала берейі. Сұраныстың әсерінен олар да құнын жоймайтыны белгілі. Түйіндер болсақ, таяуда автонарықтан дәме етердей жақсы жаңалық күте алмаймыз.

Екіншісі, жоғарыда сөз еткен утильалым. Оңсыз да қоғам мөлшерін біршама азайтуды немесе мүлде алып тастауды сұрап отырған алым қайта өсті. Негізі елде жаңа көліктердің көбеймеуіне осы алым түрінің тікелей қатысы бар. Төлегісі келмегендер шетелден қалаған көлігін ел аумағына кіргізе алмайды. Ал жауаптылар бұл төлемді алып тастауға ниет танытпайтыны айдан анық. Сонымен алымды есептеуде қолданылатын базалық мөлшерлеме (50 АЕК) 172 500 теңгеден 184 600 теңгеге өседі деп жоспарланған. Коэффициентке байланысты мотор көлемі 1000 текше сантиметрден аспайтын жеңіл автомобиль әкелу үшін 276 900 теңге төлеуге тура келеді. Ал моторы 2000 текше сантиметрге дейінгі машина үшін – 646 100 теңге, 3000 текше сантиметрге дейін 923 000 теңге төлейсіз. Көлемі 3 литрден асатын машина үшін алым 2 122 900 теңге болды.

Үшіншісі, көлікті есепке қою құны. Машинаға төленетін ең арзан бастапқы тіркеу ақысы (0,25 АЕК) 862,5-тен 923 теңгеге өсті. Шығарылынына 3 жыл толмаған көлік үшін 172 500 емес, 184 600 теңге төлейсіз. Ал үш жылдан асып кеткен көліктерді тіркеу ақысы (500 АЕК) 1 725 000-нан 1 846 000 теңгеге жоғарылады. Бұл төлемге электромобиль немесе гибрид болса да, мотор көлемі әсер етпейді. Тек көліктің шыққан жылына мән беріледі. Дәстүрлі мотормен жүретін автомобиль үшін көлік салығы да қымбаттайды, өйткені ол да тікелей айлық есептік көрсеткішке байланысты.

1-бет